

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 90-ө өкіміне толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 56-ө өкімі

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 90-ө өкіміне мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкімге 3-қосымшада:

Салық салу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес туралы ережеде:

6-тармақтың 3) тармақшасындағы «әзірлеу болып табылады.» деген сөздер «әзірлеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын: «4) салықтық жеңілдіктің мөлшерін (мерзімін) сақтау немесе ұзарту, алып тастау немесе қысқарту туралы ұсыныстар тұжырымдау болып табылады.».

Премьер-Министр А. Мамин